



Будан жарты ғасыр бұрынғы сұм соғыстың сойқанды суреттері жүрт зердесінен өшкен жоқ. Жуық маңда өшпейтін де болар, сіре! Туған жерден шалғайда шейіт болған жайсаңдарымыздың орны әлі де ойсырап тұр. Менің немере ағам Мұрат Шоқановтың 1943 жылдың жазындағы бір хаты әлі күнге сақтаулы. Ол: "Отаныма ойран салған Гитлер итше қырылып, совет жерінің ор бұтасының түбіне бір-бір солдаттың қалдырып қашып барады. Біздің әскерлер төрт ай ішінде 480,000 шаршы шақырым Совет жерін босатып, фашистердің 150 мың солдат, офицерін пленге алып, бір миллионнан астамын өлтіріп, олар 10 мыңнан астам самолёт, 10 мыңнан астам



ОТ НЕМЕСЕ

танкісін, 20 мыңнан астам орудиясын Совет жеріне тастап қашып барады. Жауды өкшелеп қуып келеміз. Жеңіс қашық емес! Біз жеңеміз! Ешбір уәйім жеңемдер. Аман болсақ елге Жеңіспен ораламыз. Артағы қалған ата-ана, аға-іні, жалғыз Кәдірім, сендер үшін, сендер сияқты Отанымыздың балаларының болашағы бақыты үшін фашистерге аянбай соққы берудеміз, әлі де соққы береміз! Сағынған Мұрат деп

білдір.

Далалық почта, 45877, 30 Май, 1943-жыл" - дей жазыпты.

Ертеңгі күніне үлкен үмітпен қараған аяулы ағаның осы хат жазылғаннан кейін көп ұзамай қазаға ұшырайтынын кім болжап-білген? 1943 жылдың 13 шілдесі күнгі Орел-Курск иініндегі шайқастардың бірінде Кромский ауданының Муравль деревнясындағы қанды қақтығыста ол отыз алты жаста оққа ұшты. Мұрат ағам соғысқа өзінің ағайындас отыз үш аға-інілерімен аттанған еді, соның жартысына жуығы елге оралмады.

Соғыстан соңғы жарты ғасыр уақыт ағайымның асыл бейнесін жадымыздай өшірген жоқ. Бүгінгі күні сөз қозғаудың реті де осыдан туындап отыр.

1941 жылдың желтоқсан айында республикамызда жаңа әскери құрамдар жасақталғаны мәлім. Солардың бірі Ақтөбеде құрылған 101-дербес атқыштар бригадасы еді. Біздің ағай да желтоқсан айының сегізінен сол бригаданың екінші батальонында командирдің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметіне кірісті. 1942 жылғы көктемде маршал К. Е. Ворошилов осында келіп, жауынгерлердің әскери дайындығын байқағанда ағамыз жақсы жағынан көрінген еекен.

Ағамыз туралы деректерді біз оның майдандастарының айтуынан ғана білеміз. 101-дербес атқыштар бригадасындағы бірге болған қарулас жолдастарының айтуына қарағанда, олар майданға аттанарда Мәскеу түбіндегі Ногинск қаласында аз аялдайды. 1942 жылдың қараша-желтоқсан айларында Отанымыздың астанасы болған Мәскеуді жаудан қорғауға қатысады.

